

**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Сырттан қарыз алу жөніндегі комитеті туралы ережені бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 15 шілде N 1111. Күші жойылды - ҚРҮ-нің 1998.06.03. N 510 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Сырттан қарыз алу жөніндегі комитеті туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитет туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 27 шілдедегі N 1027 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1995 ж., N 26, 300-құжат) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 15 шілдедегі  
N 1111 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің  
Сырттан қарыз алу жөніндегі комитеті  
(Қаржыминінің Сырттан қарыз алу  
жөніндегі комитеті) туралы  
**ЕРЕЖЕ**

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Сырттан қарыз алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) Қазақстан Республикасын дамытуға ресми көмек шеңберіндегі мемлекеттік сыртқы қарыздар мен гранттарды, мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы қарыздарды тарту мен пайдалану саласында мемлекеттік басқаруды және реттеуді салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы  
б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. Комитет өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілерін, басқа да нормативтік құқықтық актілерді, халықаралық шарттарды, сондай-ақ осы Ережені б а с ш ы л ы қ қ а а л а д ы .

## II. Комитеттің негізгі міндеттері мен функциялары

### 3. Комитеттің негізгі міндеттері:

мемлекеттік сыртқы қарызды және гранттарды, Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы қарыздарды тарту және пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты үйлестіру;

мемлекеттік сыртқы қарыздарды және гранттарды, Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы қарыздарды пайдаланудың тиімділігіне мониторинг және бақылау жасау болып  
т а б ы л а д ы .

4. Негізгі міндеттерге сүйене отырып, Комитет өз құзыретінің шегінде: мемлекеттік сыртқы қарыздар мен гранттарды, Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы қарыздарды пайдаланудың басым бағыттарын әзірлейді және талдайды;

Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігімен және басқа да басқару органдарымен бірлесе отырып, мемлекеттік инвестициялар бағдарламасының мемлекеттік сыртқы қарыздар мен гранттардың, Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы қарыздардың қаражатына қаржыландыруға жоспарланып отырған жобалардың индикативтік тізбесін қалыптастыру бөлігін әзірлеуге қатысады;

халықаралық қаржы және экономика ұйымдарын, донор елдердің тиісті ұйымдарын мемлекеттік сыртқы қарыздар мен гранттарға деген қажеттіліктер  
т у р а л ы х а б а р д а р е т е д і ;

Қазақстан Республикасының тиісті қаржы жылына арналған мемлекеттік

бюджетінің жобасын мемлекеттік сыртқы қарыздарды, Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы қарыздарды тарту көлемдерін анықтау және оларды Қазақстан Республикасының республикалық және жергілікті бюджеттерінің қоса қаржыландыруы бөлігінде да й ы н д а у ғ а қ а т ы с а д ы ;

мемлекеттік сыртқы қарыздар мен гранттардың, Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы қарыздардың есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобаларға баға береді және сараптамалық қорытындылар мен капитал нарығын талдау негізінде оларды і р і к т е й д і ;

мемлекеттік сыртқы қарыздар мен гранттарды, Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы қарыздарды тарту жөнінде келіссөздер жүргізуді ұйымдастырады және оларға қатысады;

мемлекеттік сыртқы қарыздар мен гранттардың қаражатына тауар, жұмыстар мен қызмет көрсетулер сатып алу жөніндегі халықаралық тендерлер (конкурстар) өткізуге белгіленген тәртіппен қатысады;

мемлекеттік сыртқы қарыздар мен гранттардың мақсатқа сай пайдаланылуына бақылауды ұйымдастырады;

мемлекеттік сыртқы қарыздар мен гранттар туралы келісімдерді қол қоюға да й ы н д а й д ы ;

мемлекеттік сыртқы қарыздар туралы келісімдерді бекіту үшін қажетті құжаттарды әзірлейді және мұндай келісімдердің күшіне енгізілуіне қамтамасыз е т е д і ;

мемлекеттік сыртқы қарыздардың қаражатын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қоса қаржыландыру үлесін мемлекеттік бюджетке қайтару туралы түпкілікті заемшылар және қазақстандық екінші деңгейдегі банктермен (бұдан әрі - екінші деңгейдегі банктер) жасалатын несие шарттарын, ішкі келісімдерді ә з і р л е й д і ;

мемлекеттік емес сыртқы қарыздарға Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерін беру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімдерінің жобаларын әзірлейді;

Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджетінің тапшылығын қаржыландыру үшін тартылатын мемлекеттік сыртқы қарыздарды беру шарттарының сақталуына бақылауды ұйымдастырады;

мемлекеттік сыртқы қарыздар мен гранттарды, Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы қарыздарды тарту мен пайдалану саласындағы қолданылып жүрген заңдардың қолданылу практикасына талдау жасайды және заңдар мен нормативтік базаны жетілдіру жөнінде ұ с ы н ы с т а р ә з і р л е й д і .

### III. Комитеттің өкілеттіктері

5. Өзіне жүктелген функцияларды атқаруы үшін Комитетке мынадай құқықтар беріледі:

өз құзыретінің шегінде барлық органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдардың және азаматтардың орындауы үшін міндетті шешімдер қабылдау;

өз құзыретінің шегінде мемлекеттік меншіктегі мүлікке иелік ету, оны пайдалану және оған билік жүргізу;

мемлекеттік сыртқы қарыздар мен гранттардың, Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы қарыздардың қаражатына қаржыландыру жоспарланып отырған жобаларды сараптамадан өткізуді ұйымдастырады;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасы бойынша халықаралық деңгейде республиканың мемлекеттік сыртқы қарыздар мен гранттарды, Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы қарыздарды тарту саласындағы мүдделерін білдіру;

техникалық келіссөздердің хаттамасына, өзара түсіністік туралы хаттамаларға халықаралық және экономикалық ұйымдар мен донор елдердің өкілдерімен меморандумдарға қол қою;

мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардан мемлекеттік сыртқы қарыздар мен гранттар қаражатының игерілуі туралы есептіліктер сұрату және алу;

мемлекеттік сыртқы қарыздар мен гранттар қаражатының есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік инвестициялық жобаларды тиімді іске асыру мақсатында және олар жөніндегі келісімдердің шарттарына сәйкес шетел банктерінде белгіленген тәртіппен арнайы шоттар ашу;

алушы ұйымдармен бірлесіп мемлекеттік сыртқы қарыздардың қаражатын алуға өтінімдерге қол қою;

мемлекеттік сыртқы қарыздар мен гранттардың, мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы қарыздардың қаражатынан қаржыландырылатын тауарлар, жұмыстар мен қызмет көрсетулер сатып алу жөніндегі тендерлерге (конкурстарға) әдістемелік көмек көрсету және оларды өткізуге қатысу. Ережелер (рәсімдер) бұзылған жағдайда тендер комиссиясының баға беру нәтижелерін жоққа шығарып, қайта баға беруді өткізуді немесе екінші тендер өткізуді тағайындау;

мемлекеттік сыртқы қарыздарға және Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы қарыздарға қызмет көрсететін екінші деңгейдегі банктерді конкурстық негізде белгіленген тәртіппен

а й қ ы н д а у ;

екінші деңгейдегі банктер мен мемлекеттік сыртқы қарыздарды қарсы кепілдіктермен қамтамасыз ету жөнінде агенттік келісімдер жасасу;

Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімдерінің орындалуына бақылау жасау мен т е к с е р у ж ү р г і з у ;

мемлекеттік сыртқы қарыздар мен гранттар, Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы қарыздар туралы келісімдерді, жобалар бойынша техникалық-экономикалық негіздемелерді, қаражатты игеру жөніндегі есептемелерді, тендер мен банк құжаттамасын, ведомстволық актілерді және басқа да қажетті ақпаратты, оның ішінде мемлекеттік сыртқы қарыздар мен гранттарды, Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы қарыздарды тарту мен пайдалану мәселелері бойынша министрліктерден, ведомстволардан, әкімдерден, кәсіпорындардан, ұйымдардан және мекемелерден алынатын анықтамалық деректерді қоса алғанда, қажетті материалдарды сұрату, алу және сақтау;

белгіленген тәртіппен конкурстық негізде шетелдік және жергілікті кон с у л ь т а н т т а р д ы т а р т у .

#### IV. Комитеттің қызметін ұйымдастыру

6. Комитетті Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен б о с а т а т ы н т ө р а ғ а б а с қ а р а д ы .

Төрағаның орынбасарын Төрағаның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрі тағайындайды.

7. Комитет төраға Комитеттің жұмысын ұйымдастырып, оған басшылық жасайды және Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін жеке жауап береді.

Осы мақсатта Комитет төрағасы:

өз орынбасарының және Комитет аппаратының құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен жауапкершілік деңгейін белгілейді;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бекіткен лауазымдар номенклатурасына сәйкес Комитет қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады, сондай-ақ оларға тәртіптік жаза қолданады;

бекітілген еңбекақы төлеу қорының шегінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің басшылығына лауазымдық жалақыларға қосымша ақы және үстеме ақы белгілеу туралы, сондай-ақ қызметкерлерге Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жүйесінің қызметкерлеріне сыйлықақы

беру туралы ережеге сәйкес сыйлықақы беру туралы ұсыныстар енгізеді;  
өз құзыретінің шегінде бұйрықтар шығарады;  
өз құзыретінің шегінде қолданылып жүрген заңдарға сәйкес

мемлекеттік органдар мен ұйымдарда Комитетті білдіреді;

өз құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

8. Комитеттің құрылымын, штат санын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілейді.

9. Комитет заңды тұлға болып табылады, оның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және өз атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі, банкте шоттары және белгіленген үлгідегі бланкілері болады.

#### V. Комитетті тарату және қайта ұйымдастыру

10. Комитетті тарату және қайта ұйымдастыру заңдарда белгіленген тәртіппен жүргізіледі.